

НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ ДІНТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

Білім беру саласының коды және классификациясы: 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 8D022 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: 8D02202-Дінтану

Бағдарлама деңгейі: Докторантура 8 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалық біліктілік шеңбері)/ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «8D02202-Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы

Кредиттердің жалпы көлемі: 180 академиялық сағат / 180 ECTS

Оқу мерзімі: 3 жыл

БББ ерекшеліктері

PhD философия докторы дәрежесін алып шығатын ізденушілерді дайындайтын білім беру бағдарламасы дінтанулық зерттеулерді жүргізуге қабілетті, қоғам сұранысы мен заман талабына сай біліктілікке ие, өзекті мәселелерді қозғап, оларға қатысты тұщымды пікірлер мен тұжырымдар айта алатын мамандарды дайындауға бағытталған. Бұл білім беру бағдарламасын игерген ізденуші ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, басқарумен қатар, педагогикалық қызметке де бейінделеді. Діни саладағы өзекті мәселелерді реттеуде сарапшы маман ретінде қызмет етіп, күрделі, ерекше назарды талап ететін сұрақтардың шешімін ұсына алатын білікті кадрлар университет ұсынатын практикалық база негізінде мол тәжірибеге ие мамандар ретінде еңбек нарығына қосылады. Шетелдік тағылымдамалар, шетелдік оқытушы-профессорлар құрамымен орнатылған тығыз байланыс ізденушіге маманданған саласы аясында жан-жақты зерттеу жүргізіп, өзекті, маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алуды көздеген ізденуші отандық және әлемдік дінтанудың өзекті мәселелерінің фундаменталды, қолданбалық, ғылыми-сараптамалық талдамасын жасауға машықтанады. Қазақстан қоғамындағы демократиялық үрдістердің дамуына, азаматтық қоғамның негізгі институттарының орнығуына, қоғамның философиялық, рухани, гуманистік мәдениетінің дамуына үлес қоса алады. «Дінтану» білім беру бағдарламасын меңгерген ізденушілер ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Қоғамдық келісім комитеті (Исламдық діни бірлестіктермен байланыстар басқармасы, Христиандық және басқа діни бірлестіктермен байланыстар басқармасы, Діни экстремизмнің алдын алу және оңалту жұмыстары басқармасы, Дінтану сараптамасы және діни білім беру ұйымдарымен байланыс басқармасы, Діни қызмет саласындағы құқық қолдану практикасы басқармасы т.б.), Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы, Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті, Философия, саясаттану және дінтану институты, Қазақстанның жоғарғы білім беру

мекемелері, ғылыми-зерттеу орталықтары, діни ұйымдар (Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы, мешіттер және т.б.), Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті және мемлекеттік басқару органдарында дін істері бойынша маман, дінаралық және конфессияаралық қатынастар бойынша кеңесші ретінде қызмет атқара алады.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

«Дінтану» білім беру бағдарламасының мақсаты: Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени дамуына, қазақстандық қоғамның интеллектуалдық және рухани жаңғыруына бағытталған философиялық, әдіснамалық, дінтанулық, әлеуметтік-психологиялық зерттеулерді жүргізуге құзіретті білікті мамандар дайындау.

Негізгі құзіреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынадай негізгі құзіреттіліктерді меңгеріп шығады:

- (НҚ1) Әлеуметтік маңызды мәселелер мен үдерістерді ғылыми тұрғыда талдау қабілетіне, кәсіби және әлеуметтік белсенділіктің түрлі формаларында гуманитарлық, әлеуметтік ғылымдардың әдістері мен негізгі қағидаттарын қолдану;
- (НҚ2) Діни кешеннің мазмұнын, өзіндік ерекшеліктерін дінтанудың негізгі салаларын қамтитын пәндерден игерген базалық білімі мен негізгі әдіс-тәсілдерді еркін қолданып, интерпретациялап, айқын кейіпте жеткізіп беру;
- (НҚ3) Тілдік және ғылыми жобаларды ұйымдастыру, жүзеге асыру, авторлық ұжымның қызметін бағыттау;
- (НҚ4) БАҚ, ақпараттық технологиялар, әлеуметтік желілер мүмкіндіктерін пайдалана отырып, дін саласына қатысты қысқа және ұзақ мерзімді болжам жасап, күрделі мәселелердің алдын алу;
- (НҚ5) Дінтануға қатысты пәндерді оқыту барысында дінтанудың негізгі салаларын қамтитын пәндерден игерген базалық білімі мен негізгі әдіс-тәсілдерді еркін қолданып, білім алушылармен толыққанды байланыс орнату;
- (НҚ6) Дінтанулық мәселелерге қатысты ізденіспен айналысатын ғылыми ұжым құрамында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу;
- (НҚ7) Дінтану мен дінтанулық пәндер саласында ғылыми мәліметтер мен ақпараттарды сараптау;
- (НҚ8) ББ бағдарламасын меңгеру барысында алынған білімді заманауи діни салада болып жатқан мәселелерге қатысты қолдану.

Оқыту нәтижелері:

Бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

- (ОН1) Діни ұйымдар құрылымының мазмұны және олардың әлеуметтік функцияларына талдау жасай алу, дінді зерттеудің фундаменталды әлеуметтік нәтижелері мен діннің заманауи әлеуметтік теорияларына анализ жасауға дағдылану;
- (ОН2) Нормативті-заңнамалық, құқықтық актілерді және әдістемелік құжаттарды құрастыру;
- (ОН3) Социологиялық теорияның, әлеуметтік институттардың және әлеуметтік құрылымдардың негізгі білімдерін, нақты социологиялық зерттеулер жүргізудің негізгі әдістерін білу;
- (ОН4) Серіктестік қарым-қатынас құра алу, төзімділік ұстанымдарын түсіну, ксенофобия, нәсілшілдік, экстремизм мен радикализм көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру, басқару және жүзеге асыра алу;

- (ОН5) Қазіргі діни үрдістер мен үрдістерді, әлемдік, дәстүрлі және дәстүрлі емес діндердің дамуы мен даму перспективалары, діни ілімдердің эволюциясының негізгі бағыттарын іс жүзінде сипаттау;
- (ОН6) Бұқаралық ақпарат құралдарындағы, оның ішінде ғаламтор кеңістігіндегі діни контент сараптамасын, талдамасын жасай алу;
- (ОН7) Әлемдік діндердің канондық мәтіндерін қалыптастырудың ерекшеліктері мен сипатын айқындай алу және оларды талдауға қабілетті болу;
- (ОН8) Қоғамдық сананы жаңғыртуды тиімді жүзеге асырудың негізгі шарттарын білу және түсіну, оларды іс жүзінде қолданысқа енгізуге қабілетті болу;
- (ОН9) Ғылыми ізденіс нәтижесін отандық, шетелдік ғылыми басылымдарға жариялау.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзіреттіліктер	Оқыту әдістері
Мемлекет және дін	Мемлекет және дін арақатынасы	Білімгер қазіргі заманғы мемлекет және дін қатынасын зерттеу мен талдаудың әдістемелерін игереді (КҚ1). Осы салада қалыптасқан ұғымдар мен тұжырымдарды, көзқарастар мен идеяларды тұжырымдауға қабілетті болады (КҚ2).	Функционалдық-құрылымдық және жүйелі талдау тәрізді жалпы ғылыми тәсілдермен қатар кейстік және кросс-құқықтық сараптау сияқты жеке ғылыми әдістер қолданылады.
	Педагогикалық тәжірибе	Сабақтан тыс жұмыс жүргізудің кәсіби және педагогикалық дағдыларын игереді (КҚ3). Қазіргі діни сенім мәселелерін; еліміздегі білім берудің тарихын, кезеңдері мен даму мәселелерін игереді (КҚ4).	Жоғары оқу орындарында дәріс беру, басқару және зерттеу қызметін табысты іске асыру мақсатында кешенді іс-шаралар ұйымдастырылады.
	Зерттеу тәжірибесі	Зерттеу тәжірибесінде ізденушілер ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырады (КҚ5). Ғылыми-зерттеу нәтижелерін мерзімдік басылымдарға жариялап, ғылыми жобаларға жетекшілік ете алады (КҚ6).	Докторанттардың ғылыми потенциалын көтеруді мақсат еткен іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.
Қоғам және дін	Қазіргі қоғамдағы дін / Ақпарат құралдарындағы дін	Қазіргі заманғы дінтанудың категориялық аппараты ұғымдарымен жұмыс істеу қабілеттерін меңгереді (КҚ7). Сонымен қатар қазіргі	Докторанттарды ғылыми деректерді сындарлы қабылдау және соның негізінде өз

		қоғамдағы дәстүрлі және жаңа діни идеялар мен көзқарастардың өзара қатынастарын талдап, бағалауға машықтанады (КҚ8).	тұжырымдарын жүйелеу мен дәйектеу, қорғай алуға бағыттайтын белсенді және интерактивті әдістер қолданылады.
	Академиялық мақсаттағы шетел тілі / Араб тілі (жоғарғы деңгей)	Мәтіндік ақпаратты түсіндіру, әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси, ресми-іскерлік және кәсіби салалардағы қарым-қатынас мәтіндеріне стильдік және жанрлық ерекшеліктерін сертификаттау талаптары көлемінде түсініктеме бере алады (КҚ9). Тілді лингвистикалық және социолингвистикалық, дискурсивтік, әлеуметтік-мәдени тұрғыда дамыту арқылы жоғары деңгейде меңгеріп, лингвистикалық, мәдениетаралық күзіреттілік қалыптастырады (КҚ10).	Коммуникативті сөйлеу әрекетін меңгеру; мәтіннің мағынасын когнитивті модельдеу және оны мәнмәтіндегі қызметі негізінде түсіну, талдау; тілдік қарым-қатынасқа конверсациялық талдау жасау секілді әдіс-тәсілдер басшылыққа алынады.
	Қазіргі кездегі әлемдік діндер/ Ислам әлеміндегі діндер мен нанымдар жөніндегі зерттеулер	Әлемдік діндер мен конфессиялардың діни және философиялық құндылықтары мен доктриналарын айқындап көрсету күзіретін меңгереді (КҚ11). Дінтанушылық әдебиеттерді теологиялық және философиялық тәсілдермен бағалауды, дін ғалымдарының танымал теориялары мен көзқарастарын ажыратып талдауды меңгереді (КҚ12).	Саралау, талдау әдіс-амалдары, Компаративистикалық-тарихи талдау әдісі, топтық әдістеме, сын тұрғысынан ойлау әдістері қоланылады.
Салыстырмалы дінтанудың мәселелері	Салыстырмалы дінтанудың мәселелері	Салыстырмалы дінтанудың зерттеу методологиясы мен методикаларын меңгереді (КҚ13); діндердің құрамдас бөліктері мен элементтерін ажыратуға және олардың тұтастығының функционалдық маңызын ашуға машықтанады (КҚ14).	Пәнді игеру компаративистикалық және кросс діни талдау тәсілдеріне негізделеді және докторанттардың өзіндік ізденіс практикасын жетілдіру әдістері қолданылады.
Дінтанудың методологиялық мәселелері	Қазіргі сектатану методологиясы / Дінтану саласындағы батыс	Пәнді меңгеріп шыққан ізденуші шет мемлекеттердегі мемлекеттік-шіркеулік қатынастардың негізгі модельдерін, тарихи типтерін	Ізденушілерді ғылыми ізденіске бағыттау мақсатында практикалық

	ориенталисттер еңбектерін талдау	айқындай алады (КҚ15). Соның нәтижесінде түрлі мемлекеттердегі жаңа діни ағымдарға қатысты зерттеулер жүргізу методологиясымен танысады (КҚ16). Батыстық ориенталисттердің дінтануға қатысты негізгі ғылыми тұжырымдамаларын талдай алады (КҚ17).	сабақтар діни бірлестіктердің ұстанымдары мен көзқарастарын толыққанды біле алу үшін солармен тығыз байланыс орната отырып жүргізіледі.
	Қазіргі дінтанудың теориялық және методологиялық проблемалары/ Дін социологиясы мен психологиясының өзекті мәселелері	Қазіргі дінтанудың теориялық және методологиялық проблемаларын және дінтанудағы әдістердің ерекшелігін меңгереді (КҚ18). Дін психологиясы бағыттарының негіздері мен мәселелеріне өзіндік ой айта алады (КҚ19); философиялық мәселелерге баға беруге машықтанады (КҚ20).	Курсты оқытуда сипаттамалы талдау әдісі, структуралды талдау әдісі, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады.
Тағлымдам а және ғылыми-зерттеу	Тағлымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Тәжірибе алмасу арқылы қалыптасқан жүйені жетілдіруге, толықтыруға қабілетті болады (КҚ21). Докторлық диссертацияны орындау талаптарымен, кезеңдерімен танысып, жүзеге асыра алады (КҚ22).	Шетелдік және отандық кітапханаларда ғылыми ізденісті жүргізу кезеңдерінде уақытты тиімді пайдалануға, дереккөздерді қолдануды меңгеруге машықтандыруға бағытталған іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.
Диссертацияны жазу және қорғау	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	Диссертацияны рәсімдеу талаптарын меңгереді (КҚ23). Ғылыми ізденісінің нәтижесін ұсынып, өз тұжырымдарын қорғай алу қабілетіне ие болады (КҚ24).	Ғылыми ізденісті жүргізу кезеңдерінде уақытты тиімді пайдалануға, дереккөздерді қолдануды меңгеруге машықтандыруға бағытталған іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.

КҚ – Кілттік құзіреттіліктер

3.2 Білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі құзіреттіліктермен сәйкестендірілу матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9
НҚ1			+		+			+	
НҚ2	+				+				
НҚ3		+		+					+
НҚ4				+		+			
НҚ5				+			+		
НҚ6	+	+							+
НҚ7					+	+	+		
НҚ8			+					+	

НҚ – Негізгі құзіреттіліктер

ОН – Оқыту нәтижелері

3.3 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән атауы	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредиттер саны	Қалыптастырылатын құзіреттіліктер (3.1 бөліміндегі кодтар)
1 семестр					
1	Мемлекет және дін арақатынасы	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ1, КҚ2
2	Қазіргі қоғамдағы дін / Ақпарат құралдарындағы дін	БП/ТК	емтихан	5	КҚ7, КҚ8
3	Академиялық мақсаттағы шетел тілі / Араб тілі (жоғарғы деңгей)	БП/ТК	емтихан	5	КҚ9, КҚ10
4	Қазіргі кездегі әлемдік діндер/ Ислам әлеміндегі діндер мен нанымдар жөніндегі зерттеулер	БП/ТК	емтихан	5	КҚ11, КҚ12
5	Қазіргі сектанту методологиясы / Дінтану саласындағы батыс ориенталисттер еңбектерін талдау	БП/ТК	емтихан	5	КҚ15, КҚ16, КҚ17
6	Қазіргі дінтанудың теориялық және методологиялық проблемалары/	БП/ТК	емтихан	5	КҚ18, КҚ19, КҚ20

	Дін социологиясы мен психологиясының өзекті мәселелері				
Қорытынды				30	
2 семестр					
1	Педагогикалық тәжірибе	БП/ЖК	есеп	5	КҚ3, КҚ4
2	Зерттеу тәжірибесі	БП/ЖК	есеп	8	КҚ5, КҚ6
3	Академиялық мақсаттағы шетел тілі / Араб тілі (жоғарғы деңгей)	БП/ТК	емтихан	5	КҚ9, КҚ10
4	Салыстырмалы дінтанудың мәселелері	БП/ТК	емтихан	5	КҚ13, КҚ14
5	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	ҒЗЖ	есеп	7	КҚ21, КҚ22
Қорытынды				30	
3 семестр					
1	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	ҒЗЖ	есеп	30	КҚ21, КҚ22
Қорытынды				30	
4 семестр					
1	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	ҒЗЖ	есеп	30	КҚ21, КҚ22
Қорытынды				30	
5 семестр					
1	Тағылымдамадан	ҒЗЖ	есеп	30	КҚ21, КҚ22

	өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы				
Қорытынды				30	
6 семестр					
1	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	ҒЗЖ	есеп	18	КҚ21, КҚ22
2	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	ҚА	Кешенді емтихан немесе ДЖ қорғау	12	КҚ23, КҚ24
Қорытынды				30	
ЖАЛПЫ				180	